

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 маусымдағы N 197и қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 72-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 2-жолдың 5-бағанында:
1-тармақтың бесінші абзацы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сырдария өзенінің гидрологиялық режимінің нашарлауын және антропогендік жүктеменің өсуін ескере отырып, Шардара су торабынан төмен Кіші Аралға дейінгі арнасының су өткізу қабілетін ұлғайту жөнінде шұғыл және перспективалы іс-шаралар кешенін әзірлеу:

ірі су тораптары аралығындағы осал учаскелердегі өзен арнасының өткізу (суды, мұзды және қайырды) қабілетіне баға беру;

жаз және қыс кезеңдеріндегі арналық процестердің бағытын анықтау осал учаскелерді және олардың пайда болуының (гидрологиялық, антропогендік) себептерін анықтау;

су тораптарын (Әйтек, Ақлақ және басқалары) қайта жаңғыртудан және қысқы энергетикалық су жіберулердің ұлғаюынан кейінгі ықтимал арналық процестерді болжау;

су тораптарын (Әйтек, Ақлақ және басқалары) қайта жаңғыртудан және қысқы энергетикалық су жіберудің ұлғаюынан кейінгі ықтимал арналық процестерді бағалау және болжау жөніндегі ақпараттық пакетін дайындау."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі